



## Сот төрелігіндегі мемлекеттік тілдің рөлі мен маңызы

**Елімізде мемлекеттік тіліміздің дамуы мен нығаюына бағытталған заңдар қабылданып, заң аясында мемлекеттік бағдарламалар дайындалып, сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін көптеген ауқымды іс-шаралар жасалып келеді.**

Мемлекеттік тіл мәселесі сот жүйесінің де жіті назарынан тыс қалып отырған жоқ. Сот істерін мемлекеттік тілде қарау мәселесі де ерекше назарға алынып отыр. Республика соттары мемлекеттік тілге қатысты қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын басшылыққа алып жүргізуде. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылатынын ерқашан есте ұстау керек.

Осындай маңызды бағыттағы жұмысты іске асыру және халық арасында қазіргі таңда қызу талқыға түсіп отырған латын әліпбиіне көшу мәселесін ортаға салу мақсатында біздің елімізде қыркүйек айының әр үшінші жексенбісінде аталып өтілетін Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесін атап өту аясында Жаңгелдина аудандық сотында «Сот төрелігі саласында мемлекеттік тілді қолдану: проблемалық мәселелер мен перспективалар» тақырыбында «дөңгелек үстел» болып өтті.

«Дөңгелек үстел» жұмысына соттың судьялары мен мамандары, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, прокуратура мен ішкі істер органдарының өкілдері қатысты.

«Дөңгелек үстел» отырысын ашқан сот төрағасы Ж. Метаев, мемлекеттік тілдің кез келген мемлекеттің тиімді іс-қимыл жасауының маңызды шарты болатындығын атап өтті. Мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының азаматтық борышы ғана емес, ол Қазақстан халқының бірігуінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Сот төрелігін жүзеге асыру саласында мемлекеттік тілді қолданудың мағынасы өте үлкен, өйткені әрбір сот шешімі орындау үшін міндетті, ол жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды. Заң терминологиясының ерекшелігіне қарамастан, сот шешімі азаматтарға қолжетімді және түсінікті тілде баяндалуы қажет. Сот шешімінің тілдік қасиеттері – судья кәсібилігінің маңызды көрсеткіші екендігін баса айтты.

Заң бойынша, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, т.б. істер сотқа қай тілде түссе, сол тілде қаралады. Жаңгелдин аудандық сотының мемлекеттік тілде қараған істерінің үлесі 96-98 % құрап отыр.

Жоғарыда аталған басқосуда баяндама жасаған Жаңгелдин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Д. Абжамалов Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған Қазақстан Республикасында латын әліпбиін енгізу тұжырымдамасына тоқталып, бүгінгі күні осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде түсінік берді.

Отырыс барысында «дөңгелек үстел» қатысушылары өз ойларымен бөлісіп, өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды.

Отырыс қорытындысы бойынша туындаған бірқатар ұсыныстарды әрі қарай талқылау және қарау үшін Қостанай облыстық сотына жолдауға шешім қабылданды.

Жаңгелдин аудандық соты осы бағыттағы жұмысты жалғастыра береді.

*Жаңгелдин аудандық соты*

## Мемлекеттік тіл – менің мәртебем

**Мақаланы Елбасымыздың мына бір қанатты сөзімен бастағым келіп отыр: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде, тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз!»**

Өткен айда Қазақстан халқының тілдері күні өткені баршаға мәлім. Соған орай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Тілдер апталығы» жарияланған болатын.

Осы апталық шеңберінде Академия қызметкерлері мен білім нәрімен сусындап жүрген курсанттар өз сабақтарын және қызмет бабын тілге байланыстыра көптеген іс-шаралар ұйымдастырды. Мәселен, кейбір бөлімшелер мен қызметтер бірігіп, тілге байланысты қабырға газеттерін шығаруды ұйымдастырса, профессорлық-оқытушылық құрам көптілділікке арнап арнайы ашық сабақтар өткізді.

Жалпы осы тіл апталығы аясында Академия бойынша 19 тармақтан тұратын іс-шаралар жоспары құрылып, оның барлығы өз деңгейінде ұйымдастырылып, аталып өтті.

Кітапханашылар қазақтың ұлы классик жазушыларының шығармаларынан тұратын кітап көрмелерін ұйымдастырса, бірінші курстың курсанттары Қостанай облысына белгілі жас ақын-жазушылармен кездесіп, тіл туралы өлеңдерін оқып, тағылымы терең, мағынасы



мол әдемі кездесу жасады. Ауызтолтырыпайтарлықтай шаралардың бірі ретінде, мемлекеттік тіл бөлімшесі мен баспасөз қызметінің Академия деңгейінде ұйымдастырған «Туған тілдің тұғыры» атты дөңгелек үстелді айтуға болады.

Бұл дөңгелек үстел жұмысына Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов, Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Қаппасов және «Тілдер» Қостанай облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Айтқұл Доспанова, Академия қызметкерлері мен курсанттар қатысты.

Басқосуды Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы алғы сөзбен бастап, жалпы елдегі, оның ішінде Академиядағы тіл мәселесіне тоқталып, Елбасымыздың жариялаған мақаласын және Жолдауын мысалға келтіріп, өз ойын ортаға салды. Елімізде қазақ тілінің дамуы әлдеқайда ілгері басып келе жатқанын, бұрынғыдай емес, халықтың мемлекеттік тілсіз болашақта күн көре алмайтындығын түсінгенін тілге тиек етті.

Академия қабырғасында да тілге байланысты көптеген шаралар атқарылып жатқанын мақтаншыпен жеткізді. Басшы өз кіріспе сөзін аяқтаған соң, Академияда мемлекеттік тілдің дамуына өз үлестерін қосып жүрген бірқатар қызметкерлерді Қазақстан

Республикасының Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Қ.Н. Қасымовтың грамотасымен марапаттады. Одан әрі, дөңгелек үстел жұмысына дайындалып келген баяндамашыларға сөз кезегін берді.

Академия қызметкерлері: Болат Әлпейісовтің «Қазіргі Қазақстандық мемлекеттің қалыптасуындағы Алаш Орданың рөлі», Әлібек Табулденовтің «Қазақ тілінің кириллицадан латынға кезең-кезеңмен көшуі», Берік Сұлтановтың «Үштілділік – заман талабы», Айтқұл Доспанованың «Қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері», 4-курс курсанты Руслан Ілиясовтың «БАҚ-тағы қазақ тілінің рөлі», Құрбанәлі Елмуратовтың «Жаңа қазақ әліпбиі жөнінде» атты баяндамалары тыңдалып, жиналған көпшілік еркін түрде ой-пікір алмасты.

Осы баяндамалардың арасында көпшілікті толғандырып жүрген кириллицадан латынға көшу туралы мәселеге ерекше назар аударылды. Онда көптеген тұщымды ойлар айтылды, ғалымдардың әліпби туралы ғылыми зерттеулері мысалға келтіріліп, қызу тартысты ой-пікір жарысы болды.

Дегенмен, пікір таластыра келе, барлық дөңгелек үстелге қатысушылар бірауыздан елдің көтеріп отырған саясатын қолдайтындықтарын жасырмады.

Дөңгелек үстел жұмысын

қорытындылаған Академия бастығы Мирлан Ахмедияұлы:

- Елде болып жатқан оң саясатты қолдауымыз қажет. Себебі Елбасымыздың салиқалы саясаты елді шашқан адастырған емес. Ол кісінің бір істі бастаса, жауаптылықпен алып шығатынын біз бәріміз күнделікті өмірде көріп жүрміз. «Жаһандану – ол біздің есімізді қақпайды, ол бірден төрге шығып, өз үстемдігін жүргізеді», сондықтан дамып жатқан көштен қалуға болмайды, - деп өз ойын тұжырымдады.

Міне, осылайша көптен күткен басқосуымыз өз мәресіне жетіп, академиядағы бір апта осылай өте шықты.

Мақаланың соңын мына бір оймен аяқтағым келеді. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс. Ана тілімізді апталықта ғана еске алмай, әр күн, сағатта ойдан шығармайық. Тілдің дамуына біз бен сіз үлес қоспасақ, онда біздің күнде мінберден «мен патриотпын» деген ұранымыз жай ғана сөз болып қалмасына кім келіп?...

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
**Академияның баспасөз хатшысы**  
**Суретті түсірген С. Камалов**

## Қысқартылған іс жүргізу институты кеңейтілмекші

**Әділет әкімшілік бұзушылықтар қысқартылған институтын бағыттарын ұсынып отыр.**

**министрлігі құқық бойынша айыппұл қолдану кеңейтуді**

Бұл туралы Мәжілісте «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтыруар енгізу туралы» заң жобасын таныстыру барысында Әділет вице-министрі Зәуреш Баймолдина мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Лауазымды және заңды тұлғаларға

қатысты қысқартылған іс жүргізу институтын қолдану ұсынылады, сонымен қатар осындай қадаммен автоматты режимде жұмыс істеп тұрған арнайы техникалық құралдарды да қамту ескеріліп отыр. Өздеріңіз білесіздер, бұл жаңа институт Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жаңа редакциясында енгізілген болатын. Атап айтқанда, оның нормаларына сәйкес, жеке тұлға 7 күннің ішінде айыппұлды жарты сомада төлеу мүмкіндігіне ие. Енді біз осыны қолдану бағыттарын кеңейтуді және бұл институтты жеке тұлғалардан бөлек, басқа да субъектілерге қатысты таратуды ұсынамыз», - деді Баймолдина.

Айта кетейік, заң жобасы әкімшілік-

деликтілік заңнаманы одан әрі ізгілендіруге, әкімшілік-процестік нормаларды жүйеге келтіруге, жекелеген әкімшілік-құқықтық және процестік институттарды жетілдіруге бағытталған. Әкімшілік-деликтік заңнаманы ізгілендіру аясында әкімшілік айыппұлдардың мөлшерін төмендету, алдын алу институтын қолдануды кеңейту, жазалау түрлерін оларды ізгілендіру тұрғысында қайта қарау, қысқартылған іс жүргізуді қолдану аясын кеңейту, сондай-ақ айыппұл сомасы жалпы сомадан 30 пайыз шегінде қысқартылуы мүмкін субъектілер тізбесін кеңейту ұсынылады.

*inform.kz*

## Дін тақырыбына дәріс оқылды

**Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де құқықтық дайындық жүйесінде «Қызметкерлерді деструктивтік дін ағымдары идеологиясынан шектету» тақырыбына дәріс оқылды.**

Дәрісті Қостанай облысы әкімдігі дін істері жөніндегі басқармасының бас маманы Абишев Нұрлан Мырзахметұлы оқыды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – деструктивтік дін ағымдарымен таныстыру.

Нұрлан Мырзахметұлы өз баяндамасында Қазақстан Республикасында рұқсат етілген Үкіметтік емес ұйымдары, сондай-ақ, деструктивтік дін ағымдары туралы айтып беріп, деструктивтік дін ағымдарына түспеуіне мысалдарын келтірді.

Жоғарыда аталған тақырыптарға роликтер көрсетіліп, ІІЖБ қызметкерлері пайдалы кеңес алды.

**Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы**



## Қарттар - асыл қазынамыз

**Біздің халқымыз ежелден адамгершілікті, инабаттылықты сыйластық пен сыпайылық қасиеттерді өз бойына сіңіре білген, дуалы, салиқалы от ауызды, орақ тілді дана қарттарымызды ерқашан құрметтей білетін дана халық!**

Қарттар халықтың қазынасы деп, бекерден бекер айтпаймыз. Осы ақылды қарияларымыздың арқасында елдің түтіні түзу ұшатыны баршамызға аян. Соғыс кезінде олардың көбі елімізге еңбегін сіңіріп, Отанымызды аман сақтаған. Қазақ халқы ертеден-ақ жасы үлкен қарияларды сыйлап, ақыл-кеңес сұрайды. Қазірде қарияларға арнап, мемлекетіміз көптеген жеңілдіктер қарастырған. Бұл әрине, үлкен мақтаныш. Бүгінгі таңда еліміздегі барлық қарияларымызды, зейнеткерлеріміз бен ардагерлеріміз үшін 1 қазан «қарттар күні» болып, ресми түрде жарияланды. Осы күні барша қарттар қоғамдық көліктерде тегін жүруге, әлеуметтік тұрғыда тегін тамақтануға мүмкіндік берілді.

Мұндай маңызы зор іс шара Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында да жылдағы дәстүр бойынша жалғасын табуда. Әр жылы осы мереке қарсаңында Академия қызметкерлері және курсанттар өздеріне бекітілген ардагерлердің үйлеріне барып, сый-сияпат жасап, қал-қадірлерінше құрметтеп қайтады. Ал Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов бастаған басшы құрам, Академияның ардагерлерін жинап, мерекелік

дастархан жайып, барлығына бірдей үлкен ілтипатпен қошемет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Міне, осындай әдемі мерекелік дастархан жақында Академияның эстетикалық залында жайылды. Мерекелік бас қосуды әдеттегідей Академия бастығы Мирлан Ахмедияұлы өз құттықтау сөзімен ашып, барлық дастархан басына жиналған ардагерлерді «ұстаздар» және «ардагерлер» күнімен құттықтады.

Құрметті қонақтар, бүгін біз Академияның қабырғасында Елбасымыз: «Қарттарын ардақтай білген елдің қашанда рухы үстем, шаңырағы биік», - деп айтқандай, біздің бүгінгі нұрлы, алаңсыз өміріміздің сақшысы бола білген, самайларын қырау, жүздерін уақыт әжімі торлаған ардақты ардагерлерімізді жыл сайын атап өтетін дәстүрлі мерекеді ішкі істер органдарының болашақ жас ұрпақтарын оқытуда, жылдар бойы халыққа адал қызмет етіп, бар күш жігерлеріңізді жұмсағандарыңыз үшін құрметтеп, атап өтуге жиналып отырмыз.

Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, өмірлік күш-қуаттарыңыз ұзағынан болғай. Сіздердің ел келешегі – ұрпақ еткен еңбектеріңізге мәңгі бас иеміз, - деді өз құттықтауында Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов.

Бүгінгі таңда ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жоғары ведомстволық оқу орнының ардагерлер ұйымында 130-дан астам ардагерлер бар екен. Академия қабырғасында құрылған Ардагерлер ұйымы - Академия үшін бірлік пен ұрпақтар жалғасы, ішкі істер органдарына білікті мамандарды дайындау үрдісін жетілдіру болып табылады.

Ардақты ардагерлеріміздің белсенді өмір ұстанымдылығы, сарқылмайтын күш-қуаты, алға қойған мақсатқа жету ұстанымдары жастарға үлгі болып табылады.

Академия бастығының құттықтау сөзінен кейін полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Қаппасов та келген қонақтарға өзінің жүрек жарды лебізін төмендегідей жеткізді:

- Сіздер өз істеріңізбен барлық салтанатты іс-шараларға қатысып, жеке құраммен кездесіп жүргендеріңіз біздің курсанттарға, болашақ ішкі істер органдарының қызметкерлеріне патриоттық сезімді қалыптастыруға, рухани және адамгершілік қасиеттерін бағалап сезінуге елеулі үлестеріңізді қосып отырсыздар. Қадірлі ардагерлер, сіздермен жүздесуді біз асыға күтеміз, себебі сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз – біз үшін асыл қазына. Егде тартқан жаста еңселеріңізді түсірмей, өмір майданына өлі де белсенді араласып жүргендеріңіз шексіз алғысымызды білдіреміз.

Келелі басқосуда ардагерлеріміздің көңілі бір жадырап қалды. Оларақ дастархан басында барлығы қосылып ән шырқап, денсаулығы келіскендер академия қызметкерлерімен бірігіп би биледі.

Басқосу соңы курсанттар ұйымдастырған шағын концерттік бағдарламаға ұласты.

Міне осылай күнделікті күйбең тіршілікте тіршілік жасап жатқан ардагерлеріміз өздерінің істеген қызмет орнына келіп, келелі бас қосып мәз-майрам болып, үйлеріне қайтты. Академия берген сый-сияпат, бөлінген көңіл-күйдің барлығы ардагерлер үшін үйлесімін тапты.

*Академияның баспасөз қызметі*

## Балалықпен қателескен жасөспірімдердің сағын сындырмау керек

**Жеңіл және орташа дәрежелі қылмыс жасаған жасөспірімдердің жеке деректерін жариялауға шектеу қойған дұрыс. Бұндай пікірді ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**



«Мен өткен жолы көмелетке толмағандардың жеке деректерін жариялауға шектеу қою мәселесін айттым. Осыған кеңірек тоқталып өтсем. Біз мұндай шектеуді жеңіл және орташа дәрежелі қылмыс жасаған 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге қолданған дұрыс деп санаймыз. Бірақ кейбір адамдар «кім болса да қылмыс жасағандардың мәліметтерін қоғамнан жасыруға болмайды» дейді. Біздің ойымызша, оларға ең алдымен бала ретінде қарауымыз керек. Бала жеңіл ұрлықпен ұсталды делік, мүмкін ол балалықпен қателескен шығар. Енді сол оқиғадан сабақ алып, түзелгісі келетін шығар», - деді Дәурен Абаев өзінің Фейсбук парақшасында ақпарат және коммуникациялар саласына қатысты заң жобасын түсіндіретін видеожолдауында.

Осы орайда министр баланың бұрынғы қателігі жарияланып кетсе, бұл күндердің күнінде оның алдынан шығатынын атап өтті.

«Ол баланың жаңа өмір бастауына, жұмысқа тұруына, отбасын құруына үлкен кедергі келтіреді. Сондықтан да біз мұндай ақпаратты көпшілікке жарияламау керек деп ойлаймыз. Бұл норма ауыр қылмыс жасаған жасөспірімдерге қолданылмайды», - деді Д. Абаев.

## «Заңсыз келуші-2017» жедел-профилактикалық іс-шарасы

**2017 жылғы 2-4 қазан аралығында Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерсетуучаскесінде Республикалық маңызды «Заңсыз келуші-2017» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.**

мекенжайы: ФРГ, Гамбург қаласы, ол Қазақстан Республикасы азаматтығын жойған (өз атына) берілген ҚР азаматының паспортын қолданған. Аталған құқық бұзушылық үшін 100 АЕК көлемінде айыппұл түрінде жаза қолданды.

ФРГ-ның азаматы заңмен белгіленген уақытта шетелдің азаматтығын алу жайында хабарламағаны үшін Қазақстан Республикасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік сотымен әкімшілік айыппұл түрінде 140 АЕК салынды.

*Қостанай ст. ІІЖБ көші-қон қызметі тобы*

Шараның мақсаты – елімізде заңсыз келіп-кетушілерді анықтау, тиісті құқық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ, заңсыз көші-қон каналдарының жолын кесу.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 3 қазанда сағат 05.30-да Қостанай қаласы Әуежайында ФРГ, 12.04.1983 ж.т. азаматы анықталып, ұсталды,

## Бюджет қаржысын

### өз пайдасына жаратқан

**Арқалықта бюджеттің 1,5 млн. теңгесін қымқырған бухгалтер 5 жылға бас бостандығынан айырылды.**

Арқалық қалалық соты «Арқалық қалалық мәслихаты аппараты» ММ-де бас бухгалтер болып жұмыс істеген 51 жастағы Лейла Бараковаға қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін шығарды.

2011 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі алты жыл ішінде азаматша өзінің есеп-қартасына 1 274 663 теңге және өз несиесін жабу үшін шағын несие беретін ұйым шотына 125 000 теңгені заңсыз аударған. Осылайша, мемлекеттік мекемеге 1 400 000 теңге көлемінде залал келтірген.

Осы уақыт аралығында Л.Баракова өзінің жұбайымен тұрған, ал үш баласы көмелеттік жасқа толған. Бухгалтер өзінің заңсыз әрекетке баруын қаржылық қиын жағдайға тап болуымен түсіндірген. Балалардың оқу ақысын, өзінің несиесін төлеу керек болған.

Істі қарау нәтижесі бойынша Л.Баракова қылмыстық құқық бұзушылықта айыпты деп танылып, оған бес жылға бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы тағайындалды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

*Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі*

## «Сергек» камералары жол ережесін бұзуды азайтады

**«Сергек» камералар жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға айтарлықтай септігін тигізіп жатыр. Бұл туралы Астана қаласының әкімдігінде «Цифрлық Астана: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбында өткен баспасөз мәслихаты барысында қалалық Инвестициялар және даму басқармасының басшысы Әлішер Әбдіхалықов мәлім еткен.**

Баспасөз мәслихатында цифрлық мәселелер жөнінде болып өткен республикалық жиынның стратегиялық міндеттеріне байланысты әкімдік SmartAstana тұжырымдамасымен таныстырды. Бекітілген Smart Astana тұжырымдамасы ақылды қалалардың еуропалық үлгісі негізінде әзірленген. Сонымен бірге, оның мақсаты - Астананың инфрақұрылымы мен басқару әдістерін жетілдіру арқылы «ақылды қалаға» айналдыруға бағытталған. Осылайша, әкімдік ақылды экономика, ақылды қоғам, ақылды басқару, ақылды өмір сүру салты, ақылды көлік, ақылды қоршаған орта бағыттары бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасының басшысы Әлішер Әбдіхалықов өз сөзінде елордада «Сергек» интеллектуалдық бейне бақылау жүйесі жобасы іске асырылғанын

хабарлады. Оның айтуынша, жаңа жүйе жылдамдықты асыру, Bus Lane автобус жолағымен жүру және Stop сызықтарын кесіп өту секілді ереже бұзудың 3 түрін тіркейді.

«Бұл - мемлекеттік-жекешелік серіктестік аясында ІТ-қауіпсіздік саласында қол қойылған тұңғыш келісім. Жергілікті атқару органдардағы ең ауқымды жоба десе де болады. Жеке инвестицияның мөлшері 8,4 млрд теңге. Қазіргі уақытта жүйе 99 пайыз көрсеткішпен көліктердің нөмірін танып, тіркей алады. Тіпті алдағы уақытта көліктердің түсін де ажырататын болады. Жинақталған бейнемәлімет базада 1 ай бойы сақталады. Ал жол бойындағы ереже бұзуға қатысты деректер жойылмайды», - дейді ол.

Әлішер Әбдіхалықовтың айтуынша, сынақ кезінің өзінде 500 млн-ға жуық бейнемәлімет жинақталып қалған. «Ең алдымен бұл жоба арқылы қаладағы қауіпсіздікті күшейтуді мақсат тұтып отырмыз. Қала бұдан ақша табуды ойлап отырған жоқ. Камера барлық көшелермен бірге, халық көп жиналатын орындарға қойылады. Мобильдік қызмет бейне мәлімет бойынша бірден әрекет етуге әзір тұрады. Жол-көлік оқиғасы салдарынан қазіргі таңда Қазақстан ЖІӨ-нің 1,5 пайызын жоғалтып отыр. Оған адамдардың жол апаты салдарынан зардап шегіп жатқанын, жол құрылғыларын қайта қалпына келтіру шығындарын қоса беріңіз. Алғашқы нәтижелерді көріп отырмыз. Адамдар жол ережелерін бұзуды азайта түсті», - дейді әкімдік өкілі.